

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының
төрағасы Ж.К.Асановқа

Қызылорда облыстық сотының
төрағасы К.Ж.Нұрышевке

Мен, Қызылорда облысы, Арал ауданы, Сексеуіл кенті,
50 жылдық Қазақстан көшесі №41 үй тұрғыны
А.Пралинадан

Менің Сіздерге осы хатты жазу себебім, Қызылорда облысының Арал аудандық сотында білікті әрі адамдық қасиеттері зор азаматтардың қызмет атқарып жатқанын Сіздердің назарларыңызға жеткізіп, алғысымды білдіргім келеді.

Мен, Пралина Айзада 1962-1970 жылдар аралығында балық аулау трестінде жұмысшы болып жұмыс істеген еңбек өтілім еңбек кітапшама жазылмай қалып, еңбек өтілімді анықтау үшін сотқа жүгінуге мәжбүр болдым. Бұрын соңды сотқа жүгініп көрмегендіктен, алғашында сотқа жүгіну мен үшін бір қиынның қиыны болып, бұл мәселе жақын арада біте қоймайды ау деген ойға келгенмін. Бірақ еңбек өтілімді бұдан басқа жолмен анықтау мүмкін болмағандықтан, Арал аудандық сотына заңдық маңызы бар фактіні анықтау туралы арызыммен жүгіндім.

Сот табалдырығын аттағаннан-ақ ойым өзгеріп сала берді. Жақсының жақсылығын айт – нұры тасысын демекші, арыз қабылдайтын маманы К.Баймағамбетов арлы-берлі сандалтпай арызымды қабылдап алды. Хатшы Б.Қаныбетова істің болатын уақытын хабарлап, жөнін айтты.

Арызымды қараған осы соттың судьясы Н.Бекетаев арызымды жан-жақты, ыждағаттылықпен қарап, өзінің білімділігі мен біліктілігін көрсетіп, әділ шешім қабылдап, мүтәжімді бітіріп берді.

Бәлкім, бұл судья мен сот қызметкерлері үшін күнделікті жасап отырған қызметі шығар. Бірақ мен үшін осындай әділдікті, орнықтылықты, кішіпейілділікті көру, сот тарапынан біздің жағдайымызды түсіне біліп, арызымызды әділдігімен шешіп беруі өте маңызды.

Сөзімді қорытындылай келе, сот саласының дами беруіне тілектестігімді білдіріп, осындай білікті, білімді судьялар мен сот қызметкерлерінің көбейе беруіне тілектеспін демекпін.

А.Пралина

